

АҚСҮЙЕК ФЕНОМЕНІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ ТАЛДАУ

Абилханов Эльдар Серікұлы

eldar.serikuly@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-дың «Философия» мамандығы студенті

Ғылыми жетекшісі – Адаева Г.А.

Қазақстан тәуелсіз ел болғаны мен руханият мәселесінде әлі де толық тәуелсіздік алған жоқ. Оған дәлел біздің қоғамдағы патриотизм мәселесіне келіп тіреледі. Өз тілінен, тарихынан, мәдениетінен ұялатындар да бар, оны жоққа шығара алмаймыз. Бәріне кінәлі тарих емес, қалай қабылдауымызда екен. К.Маркс адамзат тарихын қоғамдық-экономикалық формацияларға бөлді (алғашқы қауымдық құрылыс, құл иеленушілік, феодализм, капитализм, коммунизм). Тарихқа осы көзқарас тұрғысынан қарау, әсіресе біздің қазақ халқы үшін өте қауіпті еді. Қазақ тарихы мен мәдениетіне осы қырынан қарасақ, рухани байлығы мол қазақ халқы материалистік тұрғыдан ой-өрісі төмен, мал үшін, мал жайлайтың жер үшін өмір сүрген жабайы халық ретінде көрінеді.

Бұл мәселені тарихшы ғалым Ж.Артықбаев былай тұжырымдайды: «Біздің байқағанымыздай, тарихи қазақтанудағы басты кемшілік пен шектеулік тарихқа бір жақты материалистік тұрғыдан талдау жасауға байланысты болып отыр және ол қоғам мен мемлекеттің тарихилығымен байланысты. Тарихты материалистік тұрғыдан зерттеу еуроцентризммен, маркстік методологиялық түсініктермен, парадигмалармен тікелей байланысты. Тарихты зерттеудегі формациялық өлшем адамзат тарихындағы сан түрлілікті жоққа шығарады. Қоғамдық өмір мен мемлекеттің туылуын таптық күрестің тууымен, байлар мен кедейлер арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланыстырады»[1, 8-9 бб.]

Қазақ қоғамында ақсүйектер жер иеленуші, яғни феодал емес. Әрбірден соң қазақ тарихында феодализм болмағандығын Ғарифолла Есім, Тұрсын Ғабитов т.б. көрнекті ғалымдарымыз айқындаған. Ақсүйектік – мәдени-философиялық тұрғыдан арнайы зерттеуді қажет етіп отырған Ұлы Дала феномені.

Ақсүйектер – хандық дәуірдегі қазақ қоғамында айрықша құқықтар мен ерекше артықшылықтарға ие болған таңдаулы әулет өкілдері, әлеуметтік жік, төрелер, қожалар мен сейіттер. Дәстүрлі қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы бір-біріне қарама-қарсы, бірінен бірінің экономикалықтан көрі, саяси және құқықтық жағынан айырмасы бар екі түрлі әлеуметтік топқа – ақсүйектер мен қарасүйектерге бөлінген. Ақсүйек рулық қауым өкілдеріне жатпаған, яғни қарасүйек – қараша халықтан оқшау тұрған. Қазақ қоғамында Ақсүйекке Шыңғысхан әулетінен өрбіген төрелер, сондай-ақ Мұхаммед пайғамбардың ең жақын серіктері төрт халифтен тараған қожалар мен пайғамбардың қызы Фатима мен күйеу баласы Әзірет Әлінің ұрпақтары сейіттер жатады [2]. Қазақ қоғамында ақсүйектер жер иеленуші, яғни феодал емес. Әрбірден соң қазақ тарихында феодализм болмағандығын Ғарифолла Есім, Тұрсын Ғабитов т.б. көрнекті ғалымдарымыз айқындаған. Ақсүйектік – мәдени-философиялық тұрғыдан арнайы зерттеуді қажет етіп отырған Ұлы Дала феномені.

Төре руының шығу тегі, Шыңғысханның жорықтары барысында, Дешті қыпшақ даласын бағындыруы және сол кезеңдегі тарихи оқиғаларға байланысты. Түркі халықтары үшін XIII ғасырдың басында аса қиын кезең қалыптасты. Қарақытайлардың қолтастына, Қарахан мемлекеті иеленген жерлері түгелімен өтсе, Хорезмшах тарапынан жасалған әскери және рухани соққылардың әсерінен Қарахан мемлекетінің солтүстік-батыс аймағындағы шығу тегі бір Қыпшақ Хандығы әлсіреді. Хорезмшах Атсыздан 1133 жылы жеңілген

Қыпшақтар мемлекеті құлдырауға түсті. Мемлекеттің бірлігі әлсіреді, ел ішінде іріткі салушылар мен хорезмшақты қолдайтын тайпалар саны арты. Хорезмшақтар мемлекетінің ықпалының тез таралуына ислам дінінің тигізген әсері күшті болды. Ислам дінінің келуімен парсыландыру процесі, яғни исламның радикалды мәдениеті келуі қатар жүрді [1, 48б.].

Түркі халықтарының мәдениетіне, салт - дәстүріне Хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің қарсы шығуының, оның өзінің хан ретінде мойындалмауының өзіндік себептері бар болатын. Түркі халықтарында «биліктің киелілігі» қағидасы қатаң сақталған. Тарихқа қарасақ, тек Алып Ер Тонға әулетінен шыққандар ғана хан тағына отыра алатын. Мысалы, Түргеш Қағанаты билеушісі Сулық қаған өз билігін толық заңдастыру үшін Ашина әулетінен шыққан қызбен некелесуге мәжбүр болған [3,100б.]. Тіпті бұл дәстүрдің Ақсақ темір мен кешегі Қоқан хандарына дейін жалғасқанын көруге болады. Ал, Хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің шыққан тегі құлдан болғандықтан, оның арғы атасы Ануш шах қызметшісінен, Хорезм шахы билеушісіне дейін көтеріледі. Түркі халықтары өздеріне билеуші ретінде тегі құлдан шыққан адамды мойындауы мүмкін емес еді [4, 386-387б.].

Шыңғыс ханды түркі халықтары тез қабылдауы және Шыңғысханнан Хорезмшах мемлекетіне келген 450 елшінің түгел мұсылман болуы және олардың шыққан жері Орта Азияның барлық түкпірін қамтығаны дәлел бола алады [4, 465б.].

Отырар билеушісі Қайырхан тарапынан бұл елшілердің өлтірілгені белгілі. Ең қызығы, ол елшілерді неге өлтірді деген сұраққа әлі ешкім жауап берген жоқ. Бұл сұрақтың жауабын елшілердің шыққан жері Отырари, Бухари, Мегари, Хереви атаулар көрсетеді. Бұл жерлердің барлығы көне түрік әулеттері, яғни Алып Ер Тонға ұрпақтары билеген жерлер болды. Ал, Хорезмшах Мұхаммедтің осы жерлерді басқарған. Елшілердің негізгі мақсатын түсінген Қайырхан оларды өлтіруге бұйрық берген болуы мүмкін. Елшілерді өлтіруге осыдан басқа себеп жоқ болатын. Тарихи тұрғыдан Шыңғыс хан ұрпақтары билігінің киелілігін заңдастыруда өзекті мәселердің бірі еді. Өйткені, түркілерде «биліктің киелілігі» мәселесі өте қатаң еді және бұл дәстүр ислам дініне дейін болғанына тарих куә. Оған мысал ретінде Батыс Түрік қағанатының билеушілері болған Ашина әулетінен әйелдікке қыз алған, Түргеш қағаны Сулықтың өзі түркілік билеуші әулет өкілі болмағандықтан, өз билігін заңдастыру үшін, осы жәйт соған дәлел бола алады [3, 100б.]. Шыңғыс хан өз шежіресін көне түркі билеушісі Оғыз хан әулетінен таратуы соның айғағы [5,77б.]. Демек, Шыңғыс хан әулетінің билігі сырттан келген түркі халықтарының салт-дәстүр, мәдениетіне жат халықтың билігі емес, керісінше, Қарахандық, Оғыздық билеуші әулет болуы, көне түркілік билік жүйесін қайтадан қалпына келтірген көне түркілік билеушілердің заңды өкілі.

Биліктің киелілігін мына мысалдан көруге де болады. «Биліктің киелілігі» тағы бір мысал: Қазақ хандығы мен қалмақ арасындағы ұзақ уақытқа созылған соғыс басылып, қазақ халқы өзінің елдік еңсесін көтере бастаған кезде, яғни, XVIII ғасырдың сексенінші жылдарында абақ керейдің жақсылары бас қосып, «төресіз ел, төбесіз жар болмас, төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге мал тоқтайды, исі қазақтың арыстарымен тереземіз тең ел екеніміз рас болса, абақ керейге де өз төресі керек» деген тоқтамға келіпті. Сөйтіп, Тауар мен Шегетай билер бастаған он жеті адамы Әбілпейіз сұлтанға жұмсап, бір баласына қолқа салады. Төрелердің бәріне де Қытай өкіметі тарапынан «гуң», «уаң», «жунуаң» деп аталатын атақ – лауазым беріліп отырған [6, 80-88бб.]. Төре сөзі көне түркі тілінде «төр иесі» (төр + ие), яғни, «билік иесі» деген мағынада қолданылған екен [7, 580б.].

«Төресіз ел болмас, төбесіз жер болмас», «Қожаны көрсен Қыдыр тұт, төрені көрсен қадір тұт», «Төрелі жерге ел тоқтайды, төбелі жерге малтоқтайды», «Тіріміздің билігі «Арқар» ұранды төреде, өліміздің билігі «Алдияр» ұранды қожада», «Төре – төр иесі» деп келетін қазақтың мақал - мәтелдері, біріншіден, өрелердің саяси-әлеуметтік билік мәртебесіне ие тайпа екенін білдірсе, екіншіден, «төре» атауының «билік иесі» деген мағынасын орнықтыра түседі. Өз алдына дербес ел болған біртұтас Қазақ хандығының тізгіні төреден сайланған ханның ғана қолында болды. Қазақ хандығының мемлекеттік бір

тұтастығы және оған бір орталықтан хандық биліктің жүргізілуі XVIII ғасырдың алғашқы ширегіне дейін сақталып келді. [8, 363б.].

Қазақтың үш жүзінің құрамындағы тайпалар ішіне қожалардың (басқа жүзге кірмейтін ру-тайпалар сияқты) шашырай сіңіп кетуінің алғышартын қазақ ұлтының ұлт боп ұйысуына байланысты, сол ұлт аясындағы әлеуметтік топтардың қалыптасуына байланысты, ең бастысы, қазақ мемлекеттігінің жасақталу кезеңіндегі саяси-әкімшілік реформаларға байланысты бел алған үрдіс тұрғысында қарастырған жөн [8, 346б.].

VIII ғасырда Түркістан жеріне ислам дінінің келуі Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттері тарих сахнасына шығуға ықпалы болды. Қарлұқ-Қарахан, Оғыз мемлекеттерінде ғылым мен мәдениет дамыды. Түркістан жері исламның келуімен адамзат өркениетінде өзіндік орны бар ірі мәдениет орталықтарының біріне айналды. IX ғасырда көне Отырарда дүниеге келген Әбу Наср әл-Фараби әлемде екінші ұстаз атанды. Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашғари, Ахмет Йгүнеки, Ахмет Йассауи сияқты ұлы ойшылдар осы Түркістан жерінде дүниеге келіп, тек түркі халықтары емес, бүкіл адамзат өркениетіне өз үлестерін қосты. Түркі халықтары ислам мәдениетін тек тұтынушы емес, сол мәдениетті жасаушы халықтардың біріне айналды [9, 7б.].

VIII–X ғасырларда ислам дінінің ағашқы келу кезеңімен байланысты әулиелі жерлер пайда болды. Ол әулиелі жерлер еліміздің Оңтүстігі мен Оңтүстік шығысында орын тепкен. Олардың қатарында Әулие Қарахан, Айша бибі, Бабаджан Хатун, Исхақ Баб, Хорасан Ата, т.б. әулиелі жерлерді қосуға болады. Бұл әулиелі жерлер түркілер арасына ислам дінін алғаш әкелген тарихи тұлғалар аттарымен тікелей байланысты.

XII–XVIII ғасырларды қамтитын, Қожа Ахмет Йассауи мен оның шәкірттерінің, ізбасарларының аттарымен тікелей байланысты әулиелі жерлер бар. Олар бүкіл қазақ даласына түгел жайылған және оларды санамалап шығу мүмкін емес. Қазақ халқының рухани, мәдени бірлігімен тұтастығын қалыптастырған да осы Йассауи жолы өкілдері еді [1, 84б.]. Қожа Ахмет Йассауи дәстүрімен XII ғасырдан бастап сопылық бағыт дамып, сопылық әдебиет тарихи сахнаға шықты: Сүлеймен Бақырғани, Сейф Сарай, Махмұд әл-Бұғари, т.б. Бұл үрдіс XIX ғасырға дейін жалғасын тапты.

Қазанғап Байболұлының «Төле бидің тарихы» дастанында мынадай жолдар бар:

Дулаттың төрт баласы,

Әмір Темір тұсында.

Өткен екен шамасы

Сейд Ата әулие.

Пірі дейді бұрынғы,

Кейбір кәрия санасы [1, 103б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы Қалқаман – Мамыр поэмасынанда осыған ұқсас ой айтылған:

Әнет-Бабаң – Арғынның ел ағасы,

Әрі би, әрі молла ғұламасы,

Орта жүзге үлгі айтқан ғәділ екен,

Сол кезде тоқсан беске келген жасы.

Кішік деген – Бабаңның өз атасы,

Мәмбетей – ол Кішіктің бір ағасы,

Мәмбетсопы, Кішіктің шешесі бір,

Қатаған Тұрсын ханның ханышасы. [10, 151б.].

Осы өлендер жолдарынан-ақ қожа руының жоғарғы өкілдері қазақ жүздері, руларының рухани басшысы болғанын көруге болады.

Ақсүйек ұғымын қалыптастыруда ата-бабамыз тектілік мәселесі қатты аландатқанын «Руын жасырған – құл», «Тегін құл мен қу жасырады», «Дөңгелектің шегі жоқ, көргенсіздің тегі жоқ», «Жабыдан тұлпар шықпайды, тексізден текті тумайды», «Тегін білмеген теріс бағады», «Тексізді төрге шығарма» деген мақал-мәтелдер дәлелдейді.

Ақтамберді жырау айтқандай:

Елден елді аралап,
Текіден текті саралап,
Бектердің қызын айттырсам,
Нұсқасын байқап шамалап.
Сынға толса сияғы,
Әлбеті шамның шырағы,
Мұхиттан сүзіп шығарған
Қымбатты гауһар бағасы.
Жүз нарға кілем жаптырып,
Қазақтан сәнін арттырып,
Ұзатып алсам сәнменен
Көңілімді хош таптырып.
Бала берсе тезінен,
Пірлердің бітсе демінен,
Шілтеннің тиіп шылауы
Артылып туса өзімнен!

Сондағы «Бектердің қызын айттырсам», «Мұхиттан сүзіп шығарған қымбатты гауһардай» дегені текті жардың болуы, «Пірлердің бітсе демінен» дегені сол кездегі руханияттың негізі саналған әулиелер еді. Ақтамберді жыраудан артық не деуге болады?!

Шыңғысхан мен Қожа Ахмет Йассауиге кеңірек тоқталған себебім, қазақ ұлтының қалыптасуына осы екі тұлғаның әсері күшті болғанын көрсеткім келді. XVIII ғ. Әулиелер мен хандар жерленген Қожа Ахмет кесенесіне қарасүйектен шыққан билер, лауазымды тұлғалар да жерлене бастады. Бұл сол заман да үлкен дәреже болып саналған. Осы тарихи жәйтті талдасақ, ақсүйек – қарасүйек деген бұл бір қаста емес, тек шығу тегіне байланысты айтылған нәрсе екенін, оған ұзақ сұрыпталу керек екенін көрсетеді. Мен Қазақ ақсүйектерін мақтау үшін емес, сол кездегі мәдениетті кәзіргі уақытпен байланыстыру. Ақсүйек тек мысал ғана, кәзіргі тілмен айтқанда тұтас ұлттық тұлғалыққа(бәрі ақсүйектікке) ұмтылғанын тұлғалықты өзіннен бастап болашақ жар тандау, бала тәрбиесі және әулетке дейін қарастырылуын көрсету болған.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ ТІЗІМІ

1. Жандарбек З. Йасауи жолы және қазақ қоғамы. Ғылыми зерттеу. Алматы: Ел – шежіре, 2006. – 256 бет.
2. «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» . Ақсүйектер. <https://el.kz/kz/news/archive/аксүйек-1>
3. Кляшторный С. Г., Султанов Т. И. Летопись трехтысячелетий. – Алматы: Рауан, 1992. – 374 бет.
4. Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Сочинения. Т.1. – Москва: Издательство восточной литературы, 1963. – 763 бет.
5. Рашидин ад-дин, Сборник летописей.Т. I, кн. 1, - Москва – Ленинград: Издательство АН СССР, 1952. – 219 бет.
6. Танайұлы А. Тарихи дерек, келелі кеңес. – Үрімжі, 1987. – 204 бет.
7. Древнетюркский словарь. – Ленинград, 1969. – 677 бет.
8. Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: 2008. – 728 бет.
9. Жандарбек З. З. Насаб – нама нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Драйк – Пресс, 2002. – 168 бет.
10. Құдайбердіұлы Ш. Жолсыз жаза: Өлеңдер мен поэмалар./Құраст. М. Мағауин. – Алматы: Жалын, 1988. – 256бет.